



# Мұнайлы өлке

Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының газеті

№06 (58), маусым-шілде, 2014 жыл


## Өндірістік көрсеткіштер

| № к/н | Көрсеткіштер атауы | Өлшем бірлігі | 2014 жылдың маусым айындағы ҰТШ орындалуы | | | 2014 жылдың басынан ҰТШ орындалуы | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | жоспар | нақты | ауытқу | жоспар | нақты | ауытқу |
| 1 | **Мұнай өндіру** | **тн.** | 506 899 | 518 693 | 11 794 | 3 031 205 | 3 095 818 | 64 613 |
| | "Қаламқасмұнайгаз" ӨБ | тн. | 347 000 | 347 033 | 33 | 2 089 177 | 2 090 366 | 1189 |
| | "Жетібаймұнайгаз" ӨБ | тн. | 159 899 | 171 660 | 11 761 | 942 028 | 1 005 452 | 63424 |
| 2 | **Мұнай тапсыру** | **тн.** | 504 539 | 514 534 | 9 995 | 3 017 756 | 3 087 109 | 69353 |
| | "Қаламқасмұнайгаз" ӨБ | тн. | 346 150 | 347 363 | 1 213 | 2 084 671 | 2 087 434 | 2763 |
| | "Жетібаймұнайгаз" ӨБ | тн. | 158 389 | 167 171 | 8 782 | 933 085 | 999 675 | 66590 |
| 3 | **Ілеспе газын өндіру** | **мың. м3** | 26 103 | 27 513 | 1 410 | 151 973 | 162 518 | 10545,181 |
| | "Қаламқасмұнайгаз" ӨБ | мың. м3 | 8 675,0 | 8 675,4 | 0,4 | 52 230 | 52 259 | 29,15 |
| | "Жетібаймұнайгаз" ӨБ | мың. м3 | 17 428 | 18 838 | 1 410 | 99 743 | 110 259 | 10516,031 |

# Мұнай-газ ұлттық кластерін құру жайы талқыланды






Ақтау қаласында Мұнай-газ өнеркәсібінің Ұлттық Кластері Активінің Конгресі өтіп, онда мұнай-газ саласының және кластерлік бастама құрамының одан әрі даму іс-әрекеттері талқыланды. Маңғыстау облысының әкімдігі мен ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы бірлесіп ұйымдастырған Конгресс жұмысына Маңғыстау облысының әкімі Алик Айдарбаев, «Самрұқ-Қазына» ҰӘҚ АҚ өкілдері және тағы басқа еліміздің мұнай-газ секторының құрамына кіретін кәсіпорындар өкілдері қатысты.

«Маңғыстау облысында мұнай-газ өндірісіне қызмет көрсету кластерін құру қажет. Оны дамыту үшін өңірдің мүмкіндігі зор. Сонымен қатар, облысымыздағы алдыңғы қатарлы мұнай компаниялары мұнай өндіру көлемінің артқанын дәлелдеп отыр. Соның ішінде, «ескі кенорындар» қатарындағы Қаламқас, Өзен, Қаражанбастың өндіру көлемі жоғарылағанын атап айтқым келеді. Мұндай үрдіс «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ-дарындағы модернизациялаудың ауқымды бағдарламасы арқасында мүмкін болып отыр», - деді өз сөзінде облыс әкімі Алик Айдарбаев. Айта кетейік, жыл басында Елбасы Үкіметке, сондай-ақ Атырау, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстарының басшыларына бірыңғай ұлттық мұнай-газ кластерін құруды тапсырған еді. Әр өңір өздеріне тиесілі қызметті бөлісіп алулары тиіс. Ірі мұнай-газ жобалары мен мұнай өңдеу зауытының Атырауда орналасқанын ескерсек, қара алтынды өңдеу-өндіру кластері осы аймақта орналасады. Ал мұнай-газ жобаларына қызмет көрсету міндетін Маңғыстау өңірі қолға алмақ. Алик Айдарбаев, облыс әкімі: - Біздің аймақ «Батыс-Шығыс» және «Оңтүстік-Солтүстік» халықаралық дәліздердің қиылысында орналасқан. Ақтау теңіз порты, 3 мемлекетті жалғайтын «Өзен-Горган», батыс өңірді еліміздің орталығымен жақындастыра түсетін «Бейнеу-Шалқар» шойын жолы сияқты ірі көлік-логистикалық жобалары жүзеге асып жатыр. Осы басымдықтарды ескере келе, дәл Маңғыстау жерінен болашақта теңіздегі және құрлықтағы барлық мұнай-газ кен орындарына тиімді қызмет көрсетуге мүмкіндіктің мол екенін айтқым келеді. Конгрес жұмысына «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-нан Бас директор Сунь Синъюнь мырза мен Бас директордың бірінші орынбасары Иманбаев Бақыт Алтайұлы қатысты. Жиында сөз алған Бас директор «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қолданып жатқан жаңа технологиялар бойынша баяндама жасады. Баяндаманы мұқият тыңдаған облыс әкімі жиынға қатысушыларға өз түсініктемесінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ алғашқылардың бірі болып ұңғыларға полимерлік ерітінді айдау әдісін қолдануды бастап кеткенін, осы әдістің мұнай өндіруде жоғары тиімділігін, біздің кенорындарымыздың ескіруіне қарамастан болашағы зор екенін және де басқа мұнай өндіруші компанияларға көрнекті мысал болатынын аса атап өтті.

2014 жылдың 19 мамыры күні Үкімет отырысында Қазақстан Республикасының 2015-2019 жылдарға арналған Үдемелі индустриалды-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасы мақұлданған болатын.

Бағдарлама аясында Атырау, Маңғыстау және Батыс Қазақстан аумағында мұнай-газ өндіру және қайта өңдеу, мұнай-газ химиясы, машина жасау және мұнай-газ өнеркәсібі үшін қызмет көрсету бойынша Ұлттық Кластердің дамуына мемлекеттік қолдау көрсетілетін болады. Экономиканы қалыптастырудағы кластерлік тәсіл аумақтар дамуының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін ең тиімді тәсіл болып табылады. Ұлттық кластер кеңесіне ҚР Мұнай және газ министрлігі, ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы және "Самрұқ-Қазына" Ұлттық Әл-ауқат Қоры" АҚ кіреді. Кластер интеграторының қызметін "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ-мен қамтамасыз етіледі. "Бәйтерек" Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ қаржылық агент болады. Конгресті өткізудегі мақсат – салалы өнеркәсіптің мүдделі қатысушыларымен Ұлттық кластер жұмысының негізгі аспектілерін анықтау үшін қарым-қатынастық алаң құру болып табылады.

Талқыланған басымды мәселелер қатарында қазақстандық мазмұн мен қызметтің, компанияны сатып алудағы қазақстандық сервистік компаниялардың – ірі жобалардың операторлары (Каспийдегі Теңіз, Қарашығанақ, Қашаған және т.б оффшорлық жобалар) үлесін; қазақстандық мұнай сервистік компаниялар (кәсіптік-техникалық білім беру, кәсіпорындарды және оның қызметкерлерін сертификаттау, оның ішінде халықаралық сертификаттау) деңгейін; техникалық реттеу, метрология және менеджмент жүйесі саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыру, сондай-ақ мұнай өңдеу және мұнай өндіру өнеркәсіптері үшін тұтынушылар, оның ішінде ірі компаниялар, Өнімді бөлісу келісім-шарты (ӨБК) негізінде жұмыс жасайтындардың пайдаланатын машиналар мен жабдықтар өндірісінде қазақстандық стандарттардың халықаралық стандарттарға сай үйлестірілуін; мұнай өңдеу мен мұнай өндіру және құбырлар өнеркәсібі үшін машина және жабдықтар шығару саласындағы жобалардың жүзеге асырылуын арттыру; өнімділігі төмендеген және өндіру жағдайы күрделі кен орындарындағы мұнай өндіруді интенсификациялау мәселелері бар.

# Тұщықұдық пен Шебір елді мекендерінен жаңа спорт кешендері бой көтерді



Шебір елді мекеніндегі спорт кешені «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның бас демеушілігімен салынып, пайдалануға берілді. Оған Компания бюджетінен 98 млн. теңге қаражат жұмсалды. Сондай-ақ, Тұщықұдық елді мекенінен бой көтерген спорт кешенін салуға Компаниядан 7 млн. 200 000 теңге қаржылай қолдау көрсетілді. Оған басқа да мекемелер мен жеке кәсіпкерлер атсалысқан еді. Жалпы пайдалануға берілген нысандардың аумағы 540 шаршы метр.

«Астана күніне орай салтанатты түрде ашылған ғимараттар ел игілігіне жұмсалып,



ауылдың гүлденіп дамуына септігін тигізгей, осы кешендерден атақты спортшылар шықсын!» - деп тілегін білдірген облыс әкімінің орынбасары Бану Нұрғазиева өңірдің әлеуметтік дамуына тұрақты түрде қолдау көрсетіп келетін «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-на алғысын білдірді және бюджеттен тыс кәсіпкерлер күшімен салынған ғимараттар мақтан тұтарлықигі іс екенін жеткізді.

Су жаңа кешендерде барлық жағдай қарастырылған. Шынығуға қажетті құралдар түгел дерлік алынған. Ендігі ауыл жұртшылығы келер ұрпақтың зәулім спорт сарайын керегіне жаратып, ауылдан әлем чемпиондарының шығарына үміт етеді.

# Жетібайдағы ауыз су мәселесі шешімін таппақ

Жетібай селосындағы су тапшылығы бұған дейін баспасөз беттерінде жарияланып келген еді. Осы мәселе бойынша «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ тарапынан біршама жұмыстар жасалуда. Қарақия ауданының Жетібай кенорны аумағында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның «Жетібаймұнайгаз» Өндірістік Басқармасына қарасты, Жетібай кенорнына өндірістік қажеттілікке байланысты Еділ суын тазалайтын станциясы тәулігіне 700-750 м$^3$ ауыз суын Жетібай және Мұнайшы ауылдарына («Тұрмыс Сервис» ММ) жеткізіп келді. Жаз айыларында Жетібай, Мұнайшы ауылдарының тұрғындарына ауыз су жетіспеуіне байланысты, 2014 жылдың маусым айының аяғында «Жетібаймұнайгаз» Өндірістік Басқармасы су тазалайтын станциясына үш дана су тазалағыш қондырғысын қосымша өз күшімен іске қосты. Осыған байланысты су тазалайтын станция Жетібай және Мұнайшы ауылдарына («Тұрмыс Сервис» ММ) тәулігіне 1 400-1 500 м$^3$ ауыз суын жібере алады. Тұрмыс Сервис ММ мен «ҚазТрансОйл» АҚ БФ арасындағы №WDW67/2014 Шартында көрсетілген су алу көлемін су тазалайтын станциясы артығымен қамтамасыз етуде. Қазіргі таңда жоғарыда көрсетілген нысандарға нақтылы тәулігіне 1 100-1 200 м$^3$ ауыз суы жіберілуде. Компания бюджетінен су жинағыш көлемді ұлғайту үшін 201 млн. 884 000 теңге қаражат бөлініп, 5000 кубтық резервуардың жұмысы басталып кетті.

# CNPC өкілдерінің іс-сапары

2014 жылдың 28-29 маусым күндері «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның 50% акциялары тиесілі Қытай Халық Республикасының CNPC Ұлттық Компаниясының өкілдері «Жетібаймұнайгаз» және «Қаламқасмұнайгаз» Өндірістік Басқармаларының нысандарына іс-сапармен келді. Құрамында Bian Dezhi (Бянь Дэчжи), Zhou Jianming (Чжоу Цзяньминь), Wu Lingang (Ву Линган), Yang Mingyu (Ян Минюй), Peng Zhengxin (Пэн Чжэнсе) CNPC делегациясын ММГ АҚ Бас директоры Сунь Синъюнь, Бас директордың бірінші орынбасары Иманбаев Б. А., және Бас директордың әлеуметтік және әкімшілік мәселелері жөніндегі орынбасары Төлегожаев Ж. Қ., басқарды. Назарларыңызға іс-сапардың барысы туралы фото ақпаратты ұсынамыз, құрметті оқырман.













# БОРЦОВ ВЗЯЛИ ПОД ОПЕКУ



**26 июня в офисе АО «Мангистаумунайгаз» состоялась отчетно-выборная конференция Мангистауской областной федерации греко-римской, вольной и женской борьбы, на которой был избран новый Президент федерации. Им стал первый заместитель Генерального директора АО «Мангистаумунайгаз» Бакыт Иманбаев.**

Представляя нового руководителя, Вице-президент Республиканской федерации греко-римской, вольной и женской борьбы РК Бауыржан Оспанов, выразил уверенность, что с приходом Бакыта Алтаевича произойдут значительные изменения в лучшую сторону.

- Федерация борьбы Мангистауской области развивается достаточно хорошо, но нам надо придать новый импульс, - сказал Бауыржан Оспанов. – Мы должны развивать все виды борьбы в сельской глубинке, искать новые таланты среди молодежи, привлекать квалифицированных тренеров, строить спортивные комплексы. Я уверен, что Бакыту Алтаевичу удастся воплотить все эти планы в жизнь, он отличный организатор, который хорошо справляется со своей работой.

В свою очередь первый заместитель Генерального директора АО «Мангистаумунайгаз» Бакыт Иманбаев отметил, что быть Президентом областной федерации борьбы, для него большая честь, но это также и большая ответственность:

- Основная наша задача – развивать все виды борьбы на всей территории области, привлекать людей к занятиям спортом, и теперь по заданию руководства АО «НК «КазМунайГаз» мы приступим к реализации плана по развитию борьбы в регионе.

# Гиппократу и родному коллективу верны!



16 июня руководство Акционерного общества «Мангистаумунайгаз» поздравило своих коллег – работников медико-санитарной части с профессиональным праздником - Днем медицинского работника. В этот день в адрес виновников торжества прозвучало немало теплых слов и пожеланий. По доброй традиции лучшие эскулапы удостоились благодарственных писем и почетных грамот.



Медико-санитарная часть АО «Мангистаумунайгаз» распахнула свои двери 15 лет назад. Сегодня здесь работают более 130 специалистов, которые помогают поправлять здоровье тысячам работников Акционерного общества «Мангистаумунайгаз» и сервисных компаний. Именно эти люди в белых халатах – представители самой благородной профессии на земле – всегда в трудную минуту первыми приходят на помощь. В канун профессионального праздника лучших врачей поздравило руководство Компании.

- Нет, наверное, работы более сложной и более ответственной, - отметил первый заместитель Генерального директора АО «Мангистаумунайгаз» Бакыт Иманбаев. - Это Призвание, которое требует кроме глубоких профессиональных знаний, ещё и большого терпения, человеческого мужества, душевной чуткости, отваги и милосердия. Ежечасно и ежедневно вы охраняете самое ценное, что есть у людей - их здоровье. В самые трудные минуты, именно Вы приходите на помощь людям, совершая порой невозможное, проявляя сострадание и благородство, ответственность и высочайший профессионализм. Наши медики всегда славились своим высоким профессионализмом и умением в любых условиях работать с полной отдачей. Пусть Ваш труд всегда служит во имя человека и во благо его здоровья! Искренне желаю Вам, Вашим родным и близким крепкого здоровья и долголетия, благополучия и мира, успехов в работе, неиссякаемой энергии и уверенности в будущем!

- Пусть Ваши пациенты меньше болеют, всегда выздоравливают, оставаясь благодарными за Ваш профессионализм, труд и терпение! Я искренне поздравляю своих коллег, связавших свою жизнь с самой гуманной и ответственной профессией, с профессиональным праздником! – в свою очередь сказал заместитель Генерального директора по социальным и административным вопросам АО «Мангистаумунайгаз» Жетыбай Тулегожаев.

Медико-санитарная часть оснащена по последнему слову техники. После тяжелой трудовой вахты нефтяники могут получить здесь качественную врачебную помощь, а также пройти консультацию у специалистов. Из года в год материально-техническая база медсанчасти улучшается, а с прошлого года у пациентов появилась возможность для прохождения курса комбинированной физиотерапии.



- В прошлом году мы приобрели прибор BTL-5000 Combi, для комбинированной физиотерапии, - рассказывает заместитель начальника МСЧ ДАВиСР АО «Мангистаумунайгаз» Алия Минсеитова. – С помощью электролечения и лечения ультразвуком можно лечить заболевания опорно-двигательного аппарата и многое другое. Также хочу особо отметить, что в поликлинике функционирует водолечебница. Это ванны с минеральной водой, подводный душ-массаж и другое. Мы рекомендуем принимать ванны пациентам с сердечно-сосудистыми заболеваниями, или страдающими от болей в суставах и т.д. Правда, предварительно необходимо пройти консультацию у нашего физиотерапевта. Но в любом случае, я надеюсь, что наши работники как можно реже будут болеть, и будут вести здоровый образ жизни и заниматься спортом. Хочу выразить большую благодарность руководству нашей Компании за теплые поздравления, от себя лично также хочу поздравить коллег и пожелать им всего самого наилучшего!

# С Днем работников связи и информации РК!



**По традиции, каждый год 28 июня отмечается День работников связи и информации Республики Казахстан. Накануне профессионального праздника аким Мангистауской области Алик Айдарбаев, руководители ряда государственных органов, в областной филармонии чевствовали лучших работников СМИ региона.**

После официальной церемонии, на базе отдыха «Стигл», состоялся семинар-тренинг на тему «Взаимодействие государственных органов и СМИ», в котором приняли участие руководители всех областных управлений и департаментов, во главе с заместителем акима Мангистаской области Бану Нургазиевой, а также журналисты республиканских и местных СМИ. По окончании семинара, лучшие представители масс-медиа вновь были удостоены наград. Приятно отметить, что среди всех нефтегазовых компаний, только сотрудники Пресс-службы АО «Мангистаумунайгаз» оказались в числе награждаемых. Бану Нургазиева вручила сотрудникам Пресс-службы АО «Мангистаумунайгаз» памятный подарок и пожелала дальнейших успехов в работе.

# Каникулы продолжаются

**Летние каникулы в самом разгаре, а значит, продолжается насыщенный, полный путешествий и приключений период для детей работников АО «Мангистаумунайгаз». 26 июня первая партия детей прибыла из оздоровительного лагеря «Медвежонок» (Россия). Почти 100 мальчишек и девчонок приехали с черноморским загаром, набравшиеся новых сил и впечатлений!**




Экскурсии по сафари-парку и аквапарку, поездка на канатной дороге, ежедневные конкурсы и викторины, спортивные турниры и дискотеки – вот такую насыщенную программу приготовили для наших детей руководители оздоровительного центра. И это еще не все – мангистауские ребята познакомились со своим сверстниками из Атырау, Сургута и Санкт-Петербурга. В целях безопасности каждый ребенок находился под бдительным оком охраны, а также вожатых из Волгограда.

На днях в Россию отправилась новая партия наших детей, на этот раз в лагерь Криннеца, отдыхают ребята также в лагерях «Жулдыз» (Алматы) и Алау (Мангистауская область), а совсем скоро юные мангистаусцы откроют для себя еще одну новую страну – Грузию. Мальчишек и девчонок ждет чудесный лагерь «Саирме», океан впечатлений, и множество новых друзей. Каникулы продолжаются!



Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІНІҢ "25744 ӘСКЕРИ БӨЛІМІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
Министерство обороны Республики Казахстан
РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "ВОЙСКОВАЯ ЧАСТЬ 25744" МИНИСТЕРСТВА ОБОРОНЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
2014 ж/г «20» 06
№ 3185
130000, Маңғыстау обл. Ақтау қ.
130000, г. Актау Мангистауской обл.

**«МаңғыстауМұнайГаз» АҚ**

**Хат.**

Сізден хабарлауыңызды сұраймыз, жақын орналасқан мекеме 25744 әскери бөлімінің «Оймаша» оқу полигонының қорғаныс Министрлігін жақын аумағында орналасқан. Осыған байланысты сізге баяндаймыз. 01.07.2014 жылдан 29.12.2014 жылға дейін аралығында осы аумакта жауынгерлік оқу атысы, жарылғыш заттарымен өткізілуде. Осыған байланысты қауіпсіздік ережесін сақтауыңызды автокөлік немесе басқада техникамен кіріп шығуыңызға тыйым салынады. Әсіресе адамдардың және жануарлардың тұрған кезеңде.

**25744 әскери бөлім командирі**
**гвардия подполковнигі Е.Толықбаев**

**Егер сіз жарғыш заттарды тауып алсаңыз келесі телефондарға хабарлауңызды өтінеміз**

**25744 әскери бөлім командирінің жауынгерлік дайындық жөніндегі орынбасары гвардия подполковнигі А.Дамаев: 8 771 - 1708232**

**25744 әскери бөлімінің оқу полигоны бастығы гвардия аға лейтенанты Е.Капанов: 8-775-541- 04-98**

**25744 әскери бөлім бойынша кезекші: 8(7292) 36-21-44**

# ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

Үстіміздегі жылдың маусым айында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкері, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ электр дәнекерлеушісі Қилыбаев Қуаныштың Атамекен елді мекеніндегі тұрғын үйі кенеттен өртенгені былай, үй иесі тілсіз жаудан қайтыс болған еді. Өртке шалынған үй-мүліктерінен де пайдаға асарлық ештеңе қалған жоқ. Отбасында марқұмның анасы мен зайыбы, үш бала-келіні, немерелерімен баспанасыз қалған еді.

Қасиетті Ораза айында елдік бен берік ұжымдық бірлікті ту еткен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өз күшімен өртенген үйдің бұрынғы орнынан жаңа үй тұрғызып беру жөнінде шешім қабылдап, жұмыс бастап кетті.

«Көп түкірсе көл» деген мәтелді басшылыққа ала отырып, ұжым мүшелері де ерікті түрде тегістей осы сауапты іске белсене араласып, айлық жалақыларынан әр адам мүмкіндіктеріне қарай қаржылай көмек көрсетуде.

Зардап шеккен Қилыбаевтар отбасы осындай қиыншылықта қолдау көрсеткен Компания ұжымына алғыстарын білдіреді. "Қасиетті Рамазан айында жасаған игі істеріңіздің шапағатын көргейсіз" – деп ниеттерін білдіреді.

## «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ барлық қызметкерлері үшін !!!

**Қымбатты достар!**

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ персоналды дамыту және ынталандыру саласындағы стратегиясын қолдау және ойдағыдай іске асыру мақсатында, Қоғам Басқармасы Қоғам қызметкерлерінің тұрақты және жобалық қызметтегі, бизнес-процестерді басқарудағы стратегиялық және операциялық менеджменттің қазіргі заманғы инструменттерін пайдалану жөніндегі дағдыларын дамытуға, сондай-ақ корпоративтік мәдениетті және персоналдың корпоративтік стратегияны іске асыру процесіне максималды тартылуын дамытуға бағытталған тренингтердің бірқатарын жүргізу туралы шешімді қабылдау болған.

Өткізілген оқудың нәтижелері бойынша Қоғам қызметкерлері:

- Компанияны басқарудың қазіргі заманғы құралдарымен, оның бөлімшелерімен, сондай-ақ бизнес-процестерімен танысады;
- Бөлімшенің қызметіндегі күрделі жерлерді талдау және жою бойынша практикумнан өтеді;
- стратегиялық менеджменттің көкейкесті мәселелерін қарайды;
- бюджеттеу және экономикалық талдау негіздерін оқудан өтеді (соның ішінде Қоғамның тұрақты қызметінің мысалдарында практикалық тапсырмаларды шешу);
- жобалық басқару, командалық жұмыс және тиімді көшбасшылық дағдыларын меңгеру.

Осындай оқуды жүргізу үшін Ресей Федерациясы Президенті жанындағы Ресей Халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясының, РФ Үкіметі жанындағы Қаржы академиясының жанындағы Мәскеу халықаралық жоғары бизнес мектебінің және «МИРБИС» Мәскеу халықаралық жоғары бизнес мектебінің жетекші оқытушылары тартылған.

Дәл осындай оқудан ЛУКОЙЛ ҰК, «НИКойл» ИБГ, «ЛУТЭК» ЖШҚ (ЛУКойл АҚ ЕК), Қазақстан Ұлттық банкі, Росатом, «Оргхим» биохимиялық холдингі, United Minerals АҚ, «ТОРҒАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ, «Қазгермұнай» БК» ЖШС, «Өзенмұнайгаз» АҚ және басқа компаниялардың қызметкерлері өткен.

Оқудан жоғары және орта менеджемент қызметкерлерінің 4 тобы, сондай-ақ Қоғамның «Қаламқас» және «Жетібай» өндірістік басқармаларының және құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің ішінен жетекші мамандар өтетін болады.

Осындай оқудың «Қаламқас» және «Жетібай» өндірістік басқармаларының қызметкерлері үшін бірінші рет өтетінін атап өту қажет.

Ең белсенді қатысушыларды Қоғам Басқармасы Қоғамның қызметіндегі жүйелі және жедел мәселелерді шешкен кезде кеңесу үшін тартатын болады, бұл алынған білімдер мен дағдыларды тәжірибе жүзінде қолдануға мүмкіндік беретін болады және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ динамикалық дамуына көмектеседі.

Өздерінде **БІЗДІҢ КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ ҮШІН** және де **ӨЗДЕРІНІҢ ДАҒДЫЛАРЫН АРТТЫРУҒА КҮШІ ЖӘНЕ ЫҚЫЛАСЫ БАР** екендігін сезінетін барлық **ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ** оқуға қатысуы үшін АРБД Персоналды оқыту және дамыту бөліміне хабарласуы қажет.

## Для всех работников АО «Мангистаумунайгаз»!!!

**Дорогие друзья!**

В целях поддержки и успешной реализации Стратегии АО «Мангистаумунайгаз» в области развития и мотивации персонала, Правлением Общества было принято решение о проведении ряда тренингов, направленных на развитие навыков работников Общества по использованию современных инструментов стратегического и операционного менеджмента в регулярной и проектной деятельности, управлении бизнес-процессами, а также развитие корпоративной культуры и максимальной вовлеченности персонала в процесс реализации корпоративной стратегии.

По результатам пройденного обучения работники Общества:

- ознакомятся с современными инструментами управления компанией, ее подразделениями, а также бизнес-процессами;
- пройдут практикум по анализу и устранению проблемных вопросов в деятельности подразделения;
- рассмотрят актуальные вопросы стратегического менеджмента;
- пройдут обучение основам бюджетирования и экономического анализа (в т.ч. решение практических задач на примерах из регулярной деятельности Общества);
- овладеют навыками проектного управления, командной работы и эффективного лидерства.

Для проведения такого обучения привлечены ведущие преподаватели MBA Высшей школы международного бизнеса Российской Академии народного хозяйства и государственной службы при Президенте Российской Федерации, Московской международной высшей школы бизнеса при Финансовой Академии при Правительстве РФ и Московской международной высшей школы бизнеса «МИРБИС».

Подобное обучение прошли работники таких компаний как НК ЛУКОЙЛ, ИБГ «НИКойл», ООО «ЛУТЭК» (ДП АО ЛУКойл), Народный банк Казахстана, Росатом, Биохимический холдинг «Оргхим», АО United Minerals, АО «ТУРГАЙ-ПЕТРОЛЕУМ», ТОО «СП «Казгермунай», АО «Озенмунайгаз» и др.

Обучение будут проходить 4 группы работников высшего и среднего менеджмента, а также ведущих специалистов из числа работников Производственных управлений «Каламкас» и «Жетыбай» и структурных подразделений Общества.

Хотелось бы отметить, что подобное обучение будет проходить впервые для работников Производственных управлений «Каламкас» и «Жетыбай».

Самые активные участники будут привлекаться Правлением Общества для консультаций при разрешении системных и оперативных проблем в деятельности Общества, что позволит применять полученные знания и навыки на практике и будет способствовать динамичному развитию АО «Мангистаумунайгаз».

Всем **РАБОТНИКАМ ОБЩЕСТВА**, которые чувствуют в себе **СИЛЫ И ЖЕЛАНИЕ ВНЕСТИ ВКЛАД В РАЗВИТИЕ НАШЕЙ КОМПАНИИ**, а также **ПОВЫСИТЬ СВОИ НАВЫКИ**, для участия в обучении, необходимо обратиться в Отдел обучения и развития персонала ДУЧР.

# «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ АВТОКӨЛІК БАЗАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА – 50 ЖЫЛ



**Үстіміздегі жылдың маусым айында «Маңғыстаумұнайгаз» автокөлік базасының негізінің қаланғанына ЖАРТЫ ҒАСЫР болып, бұл мереке тамыз айының 1-ші жұлдызында атап өтілгелі жоспарланып отыр.**

Сонау 1964 жылы іргесін құрған «Маңғышлақнефть» Бірлестігінің автокөлік кеңсесі (АТК) негізінде өлкеміздің мұнай саласына қызмет көрсететін көптеген автокөлік мекемелері тараған болатын, олар: №3-ші Өзен автокөлік тізбегі, №1,2,3 Тракторлық база, Тампонаж кеңсесінің гаражы, Жұмысшыларды тамақпен қамту бөлімінің гаражы, Байланыс кеңсесі гаражы, №2-ші Жетібай автотізбегі, Технологиялық көлік және арнайы техника басқармасы (УТТиСТ), Маңғышлақ технологиялық көлік басқармасы (МУТТ), Өзен технологиялық көлік басқармасы (УУТТ), Жетібай технологиялық көлік басқармасы (ЖУТТ), Бозашы Технологиялық көлік басқармасы (БУТТ), Құмкөл Технологиялық көлік басқармасы (КУТТ), Автокөлік жолдары басқармасы (УАД), «Маңғыстауэнергомұнай» гаражы, «Арай» автопаркі, МТУ автотізбегі.

Кәзіргі таңда жоғарыда аталған автокөлік мекемелері серіктестіктер мен бірлестіктер құрамына кіріп, атаулары біршама өзгерген.

Автокөлік саласы жұмысшыларының басты міндеті мұнайшылардың, бұрғышылардың, монтажшылардың, құрлысшылардың және тағы да басқа сала қызметкерлерінің сұранымы бойынша қажетті өндірістік жүктерді, тамақ өнімдерін және жолаушылар тасымалдауды дер кезінде орындау болды және бұл тапсырмаларды әрдайымда абыроймен орындап отырды. Көптеген еңбек ардагерлері жоғары мемлекеттік марапаттарға ие болды.

**Құрметті ұжымдастар, автокөлік саласының қызметкерлері және газет оқырмандары!**

Сіздерді алдағы келе жатырған осы аталмыш мерекемен құттықтай отырып, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ автокөлік саласының тарих беттерінен келесі қысқаша мағлұматтарды ұсынамыз.

## «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ АВТОКӨЛІК САЛАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

1964 жыл. 01.06.1964 жылғы № 150-ші Батыс Қазақстан экономикалық әкімшілік ауданы Халық Шаруашылығы Кеңесінің Қаулысына сәйкес «Маңғышлакнефть» Бірлестігінің 15.06.1964 жылғы № 20/п Бұйрығы бойынша Автокөлік конторасы (АТК) құрылды.

Автокөлік конторасының алғашқы көлік жүргізушілері, олар: Нысанов Абдол, Карпов Иван, Тасқымбаев Меңдеш, Сабақбаев Сембек, Қыйлыбаев Сарсен, Абитов Есқуат, Мусин Алпамыш, Рысбаев Төлемағанбет, Қазанбаев, Мадиаров Сүлеймен және гараж бастығы Шоқаев Дінзақ сияқты ардагерлер еді.

Ол кезде автотехника, бұрғылау мұнарасы және құрал саймандар теңіз арқылы Баутино портына келген, уақытша база Форт-Шевченко қаласындағы Шоқаев Дінзақтың үлкен ауласында болатын.

Ақтау қаласы (ол кезде қала Гурьев-20 деп аталған) Меловая станциясында ашылған Өндірістік техникалық базасы жанында тікенді сыммен қоршалған уақытша база-гараж, автокөлік кеңсесі болды (директоры Богомолов Г.И.).

1964 жылдың күзінде Маңғышлақ станциясынан үлкен база ашылып (МУТТ), Маңғышлақ автокөлік кеңсесі сонда көшірілді (директоры Пенский П.З.).

Жаңадан ашылған автокөлік конторасына 125 әртүрлі маркалы автотехникалар бөлінді.

Ал, №1 және №4 автотізбектері автобус және жеңіл автокөлік паркі болып, кәзіргі «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ -ның Ақтау қаласы 22-ші шағын аудандағы Көлік департаменті автокөлік паркі гаражында орналасты.

1964-1965 жылдары АТК-дан Өрт сөндіру мекемесінде 2-3 өрт сөндіру, Қалалық жедел жәрдем мекемесінде Газ-21 (Волга) автокөліктері жұмыс жасады, яғни мұнай өндіруден басқа өзге салаларда да қызмет көрсетті.

1965 жыл. 18.11.1965 жылғы № 762-ші Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Қаулысымен «Қазақстаннефть» Өндірістік Бірлестігінің орталық аппаратының құрылымында Көлік бөлімшесі (Транспортный отдел) құрылды.

1965 жылы «Саура» жерінен пионер лагерінің ашылуына автотранспортшылар үлкен үлес қосты, онда Өзен, Жетібай, Ақтау мұнайшыларының балалары жазғы каникулда үш кезең демалған.

1966 жыл. Жоспарланған мұнай өндіру және бұрғылау жұмыстарын қамтамасыз ету мақсатында, Мұнай өндірісі өнеркәсібі Министрлігінің 20.10.1966 жылғы №533-ші Бұйрығы бойынша «Қазақстаннефть» Бірлестігіне қарасты «ӨзенМұнайГаз» ӨБ құрамында, Өзен поселкесі аумағындағы бұрынғы №3 автотізбегі негізінде №2 Автокөлік конторасы (АТК) құрылды.



1965 жыл, суретте бір топ алғашқы көлік жүргізушілері.

Сонымен қатар, №1,2,3 Тракторлық база, Тампонажды кеңсе, Жұмысшыларды тамақпен қамту бөлімі, Байланыс кеңсесі және т.б. мекемелері өз алдына гараж болып құрылды.

Жетібайдағы №2-ші автотізбек Жетібай автокөлік басқармасы болып құрылды, тағы да басқа автокөлік мекемелері ашылып, өз алдарына гараж болды.

Шетелдік техникалар, Америкадан «Катерпиллар», Жапониядан «Камацу» тракторы және басқа да техникалар келуімен «Қазақстаннефть» Өндірістік Бірлестігінде Технологиялық көлік және арнайы техника басқармасы (УТТиСТ) ашылды, оған дейін Бірлестіктегі автотранспорт бөлімшесі ҚМБ (ОКН) деп аталған.

1970 жылы Кавказдан «Өзен» санаториясы ашылып, МТКБ (МУТТ) – дан әртүрлі транспорт - өрт сөндіргіш, жедел жәрдем, «РАФ» «Икарус», «продуктовоздар» және тағы басқа техникалар бөлінді.

1979 жыл. Қаламқас кенорнының ашылуына байланысты, оның алдында Қаражанбас және тағы басқа кен орындарды көлікпен қамтамасыз етіп отырған МТКБ (МУТТ) мекемесінен Бозашы Технологиялық көлік басқармасы (БУТТ) бөлініп шықты.

Жалпы Қаражанбас – Қаламқас мұнай кен орындарының ашылуына және игерілуіне «Маңғыстаумұнайгаз» ӨБ қарасты автотранспорт қызметкерлері және басқа да транспорт мекемелерінің қызметкерлері аса зор еңбек сіңірді.

1995 жылдың аяғы МТКБ (МУТТ)-дан №1,4,7 автотізбектер бөлініп шығып, «Арай» ЖШС деп аталынды. Автопарк мұнай кенорындарына вахта таситын «Икарус» автобустарымен қатар 2000-шы жылдары жаңа «ДЭУ» автобустарымен толықтырылды.

1999 жылы «Арай» ЖШС-нен №3 автотізбек Механикалық көлік басқармасына (МТУ) беріліп, парк кейінгі кезде әртүрлі маркалы жеңіл автокөліктермен толықтырылды (кәзіргі Ақтау қаласы 22-ші шағын ауданда орналасқан Көлік департаменті автокөлік паркі гаражы).

Міне, тарихи деректердің парақтарынан көріп отырғанымыздай, өлкеміздің «қара алтынын» игерушілердің алдыңғы қатары - мұнай өндірісі автокөлік саласының жұмысшылары Түбегіміздің, Республикамыздың өркен жаюы жолында қарқынды еңбек етіп келгендігін, кәзіргі таңда да Егеменді еліміздің экономикасының қарыштай дамуына өзіндік үлес қосып отырғандығын мақтанышпен айта аламыз.

**Сағи Диханов,**
**Көлік департаменті автокөлік паркі бастығының орынбасары**



ПРИКАЗ

ПО ОБ"ЕДИНЕНИЮ "МАНГЫШЛАКНЕФТЬ"

гор.Актау № 20/п 15 июня 1964 г.

В соответствии с Постановлением Совета народного хозяйства Западно-Казахстанского экономического административного района № 150 от 1 июня 1964 года,

ПРИКАЗЫВАЮ:

1.Для обслуживания производственно-технических нужд предприятий по добыче нефти и бурения нефтяных скважин организовать в составе об"единения "Мангышлакнефть" автотранспортную контору с 15 июня 1964 года,установлением III групп по оплате труда и размещением этой конторы в г.Актау.

2.Назначить Временно исполняющего обязанностей директора конторы т.БОГОМОЛОВА Г.И.

3.Начальнику планово-экономического отдела т.САРБУФИНУ Т.И. и начальнику ВРКТиЗ т.КОСТИНУ Н.Г.:

а)выделить лимит по труду в пределах утвержденного лимита по об"единению,с учетом организации автоколонны в пос.Узень;

б)обеспечить финансирование на организационный период т.е. на июнь и июль месяцы 1964 года, за счет ассигнований оргпериода конторы производственно-технической базы и эксплуатационного бурения;

в)составить и представить мне на утверждение штатное расписание административно-управленческого персонала и смету адмхозрасходов на 1964 год;

г)укомплектовать аппарат автотранспортной конторы квалифицированными инженерно-техническими и рабочими кадрами.

4.Управляющему производственно-технической базы комплектации оборудования и трубно-инструментального хозяйства тов.ДЖИЕНБАЕВУ передать безвозмездно по приемо-сдаточному акту автотранспортной конторе,а Вр.И.О. директора конторы т.БОГОМОЛОВУ Г.И. принять по акту весь автотранспорт.

5.Для передачи наличия парка автотранспорта создать комиссию в составе:

1.ДЖИЕНБАЕВА С.Д.
2.БОГОМОЛОВА Г.И.
3.ТУТАРИНОВУ А.А.

6.Представителем об"единения по приему сдачи назначить т.ЭФЕНДИЕВА С.А.

7.Руководству конторы:

а)открыть расчетный счет конторы в отделении Госбанка г.Гурьев-20;

б)при укомплектовании штата конторы на кандидатуры номенклатурных работников сделать соотвествующие представления для утверждения.

8.Ст.инспектору по спецработе т.ГАПЛЫКОВУ совместно с руководством автотранспортной конторы подготовить и дать заказ на изготовление печати и штампа конторы.

9.Акт о приеме сдачи парка автомобилей представить мне на утверждение.

Главный инженер об"единения "Мангышлакнефть" – Н.СМОЛЬНИКОВ







«Маңғыстаумұнайгаз» автокөлік базасының негізі (кәрішаңырық) болып саналатын Ақтау қаласы 22 ш/а орналасқан Көлік департаменті автокөлік паркі гаражының кәзіргі көрінісі.

«Мәдениет - ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт ең алдымен тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады.Сөйтіп, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады.»
Н.Ә.Назарбаев



# «ӨЛКЕТАНУ» бағдарламасы – елімізді, тарихымызды жете білудің кепілі




Елбасының жолдауымен қабылданған «Мәдени мұра» бағдарлама негізінде іле «Рухани мұра» бағдарламасы қабылданғаны белгілі. Мәжілістегі сөйлеген сөзінде Елбасымыз: «Рухани - мәдени таным арқылы тарихи сана негізінде патриоттық сезім, отаншылық рух қалыптасып жетіледі. Әсіресе, бүгін отаншылық рухта тәрбиелеу - мемлекеттік идеологияның темірқазығы болуы тиіс» - деп ашып айтты. Рухани мұра – өткен тарихымыз бен осы кезеңді байланыстыру. Бұны жалпы ел дамуының бастауы, тарихи естеліктердің маңызды қоймасы десе болады. Ғасырлар арасын жалғастырып, алтын көпірге айналған мұраларымыз қаншама.

Киелі үш жүз алпыс екі әулиелі Маңғыстау тарихын толық ашу зерттеушілерін күтуде. Қасиетті Маңғыстау туралы Президентіміз: «Маңғыстау тұрғындарына көп адамдар өмірінде тым құрығанда бір рет барып көруді армандайтындай жерде тұру бақыты бұйырған» - деген болатын. Ал заңғар жазушымыз Ә.Кекілбаев: «Маңғыстау... Тарих пен табиғаттың бірге толғанған тамаша дастаны, бірге салған таңғажайып суреті, бірге шерткен тағылымды шежіресі. Оны таңданбай көріп, тамсанбай түйсінуің мүмкін емес» - дейді.

Орыс тарихшысы В.Ключевский айтқандай: «Артқа қарамай, алға басуға болмайды».

Осы бағдарлама негізінде жеріміздің өткенін, тарихын біліп, өз мұнайшыларымыздың рухани дамуын, патриоттық - отаншылдық сезімін күшейту, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, т.с.с. мақсатында «Жетібаймұнайгаз» ӨБ басшыларының ұсынысымен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшыларының қолдауымен осы жылға «Өлкетану» бағдарламасы жасақталынып бекітілген болатын.

Сол бағдарлама бойынша қасиетті Рамазан айының алдында, 31 - мамырда «Жетібаймұнайгаз» ӨБ бастығының орынбасары Қ.Досаевтың және әлеуметтік топ жетекшісі Қ.Жақыповтың ұйымдастыруымен (АҚ тарапынан бөлінген) автобус арқылы Маңғыстау өңіріндегі ғажайып ескерткіштерге толы, қасиетті Шақпақ ата, Үштам, Кенті баба, Сұлтан Үпі қорымдарына барып зияраттап, садақа беріп мұнайшылар үлкен сезіммен, ризашылықпен оралды.

Енді бұл киелі жерлер жайлы сөз қозғайық. Мұндағы әулиелер «Ислам дінін тарату үшін Мекке – Мединеден шығып, Маңғыстау жерінде мәңгілікке қалып қойған» дегенді айтады. Бұл әулиелер қандай киесімен, қандай қадір-қасиетімен ерекшеленгенін ешкім дөп басып айта алмайды. Алайда, осы уақытқа дейін (күніне) келіп-кетіп жатырған адамдардың есебі жоқ, көпшілік жандар дертіне шипа, жанына медет тауып әулиеден жақсы болып, жан рахатын сезініп жиі барып, зияраттап жатады. Соның бірі – Шақпақ ата. Шақпақ атаның өмір сүру уақыты белгісіз, жобамен 10-14 ғасырлар арасында деп тұспалданады. Діни шежіре аңыз дәстүрі оның есімін «Шах-Мардан» (жыландар мен өлілер падишасы) деп береді, ол Шопан-атаның немересі болып айтылады, яғни Шопан-атадан екі бала – Шахрух (Шағрық-ата) мен Исан- ата болса, Шахрухтан (Шағырық-ата) да екі ұл – Шах-Мардан мен Қапам-ата болған. Шах-Мардан Шақпа-атаның өз есімі болған болса,онда ата образының ежелгі табиғаты жыландармен, өлілер дүниесімен байланысты болып шығады, өйткені бізге белгілі Шах-Мардандардың мифтік сипаты осындай болып табылады. (С.Қондыбаев)

Ең көп таралған аңыздардың бірінде былай дейді: «Бірде Шақпақ ата бір ауыл жанынан өтіп бара жатып, күйеуі әйелін ұрып жатқанына еріксіз куәгер болады. Шақпақ ата сорлы әйелдің сөзін сөйлеп, құтқарып алады. Алғыс орнына әйел Шақпақ атаға еріп жүреді. Олар тоқтаған тіршіліксіз жерде жер астынан қайнар бұлақ көздері ашылып, жауын жауа бастаған екен». Содан бері адамдар сол жерге өз қайғы-қасіретіне ем табу үшін үмітіне ат артып келеді екен. Бұл киелі жерде болмаған және уақыт пен шексіздік белгісі бар тастарды өз қолымен ұстауды армандамаған жан жоқ десеңде болады.

Шақпақ ата мешіті – XII-XIII ғасырлардағы сәулетшіліктің Батыс Қазақстандағы ең көне ескерткіші. Форт-Шевченкодан солтүстік-шығысқа қарай 20-дан аса шақырым, ал Таушық кентінен 25 шақырымдай Маңғыстаудың Сарытас-Қошақ шығанағына таяу жердегі Оңғазы тауының етегінде Шилі – құдық деген жерінде орналасқан. Жартастан қашап жасалынған, бұдан көшпенділердің тас қалаушылық өнерін көруге болады. Құрлыстың күмбезі киіз үйдің құрылғысына ұқсайды. Мешітте түрлі бөлмелер бар (демалу, михраб, т.б.), ішкі қабырғаларында көптеген жазулар, жануар суреті мен нышанды белгілер бар. Мешіт мемлекет қамқорлығындағы ескерткіш – қорым болып есептелінеді. Киелі орынның төменгі жағында Адай руының бірқатар танымал перзенттері жерленген. Соның ішінде, қасиетті Қыдырша ата ұрпақтары, ислам дінінің ғұламасы, жоғары білімді, хазрет атанған Бектеміс руының өкілі – Ержан Төлегенұлы, шәкірті (Бектеміс) діндар



молда Карағұл әулие, тағы сондай ел таныған белгілі адамдар бар. Енді аз-маз Ержекең жайлы айтсақ. Алласына сыйынған Ержан хазрет бір емес үш рет (1932, 1937, 1942 ж.ж.) сотталған. Кеңес түрмесіне қамалып, өмірінің 10 жылдан аса бөлігін айдауда азаппен өткізген. Оны мұсылманшылық жолдан тайдырудың барлық амалдарын жасап, зорлық-зомбылықтың неше бір түрін қолданған. Ол нәтиже бермеген. Ержекең дініне өте берік, Пайғамбар жолымен, Құранды қастерлеп, Құдай бір, Құран шын деп өткен қайтпас ер. Жан-жақты білімді, орыс тілін, жоғары математиканы, жаратылыстануды, астрономияны, жағрапияны меңгерген. Терең білімдарлығымен Кіші жүздегі хазрет атанған екі кісінің бірі болған. (Екіншісі - Атыраудағы Хасен деген кісі). Пір Бекеттің жолымен мешіт салдырып, бала оқытып, көптеген шәкірт тәрбиелеген.

Орта-Еспе жерінде 1966 жылы 79 жасында дүние озған. Шақпақ ата қауымынан 700-800 м шамасында төбе басына 2008 жылы жаңадан 150 адамдық (Ержан хазрет) мешіт, түнеухана салынды. Зияраттаушылар сол жерге келіп-кетіп, түнеп жатады. Мешітте намаз бөлмесі, әйелдер бөлмесі, киініп шешінуге арналған бөлме, жуынатын бөлме, имамға арналған бөлме бар. Бұған басшылық жасаған осы өлке тумасы – Асылхан Балтабаева деген азаматша.

Біздің келесі әңгімеміз, негізгі тоқтаған, зияраттаған жеріміз – «Сұлтан-Үпі» қорымы, сайы және жерасты мешіті болмақ. Оның орналасқан жері Таушық ауылынан солтүстік-батыс бағытта, Сарытас шығанағына таяу, сай жиегінде. Жердің тастақ қабатынан ойылып жасалған Сұлтан-Үпі есімімен байланысты жерасты мешіті бірнеше камералық бөліктерден тұрады, оған сайдың саты тәрізді жер бетінің рельефі жағынан көп сатылы жолдар жасалған. Ескерткіштің рухани-діни бағыттағы сипатына қарап Сұлтан-Үпі жерасты мешітін 13-15 ғасырда салынған қандай да бір сопылық қауымның ханака-ғибадатханасы болған деген болжам бар. Жанында орналасқан шағын қорымшылықта сағанатамдар, жәшік тәріздес сандықтастар, құлпытастар мен орнатылған қойтастар, тас плиталар көлденеңінен немесе тігінен тұрғызыла қаланған қоршаулар, әр түрлі пішіндегі қабір үсті құрлыстары сақталған. Қорым аумағында неолит дәуірінің кремний өнеркәсібінің көптеген сынықтары кездеседі.

1873 жылы Тбилиси (Тифлис) қаласында басылып шыққан «Предания адайцев о святых секты ханафие, живших и умерших на Мангышлаке (сборник сведений о кавказских горцах)» 7-ші шығарылымында жазылған аңыз – деректерде Хакім ата әйелінен Мұхаммед қожа, Әскер қожа, Құбби қожа (қазақтар оны Сұлтан-Үпі деп атаған) дейтін үш ұлды болады. Алғашқы екеуі Бақырған қаласынан 15 күн жолдық қашықтықтағы мектепте оқиды, ал соңғысы үй тәрбиесінде болады делінеді. Құбби қожа киік аулаумен шұғылданып, әкесін қатты құрметтеген, оны киік етімен сыйлап, дәмді тағамдар дайындатқан. Құббидің кереметтері жайлы ел арасында аңыздар кеңінен тараған. Автор мұнда Сұлтан-Үпінің теңізде (Арал немесе Каспий) апатқа ұшыраған кемедегі адамдарды құтқаруы, әкесіне міндетті намазын оқуы үшін Меккеге ұшып барып жүрмеуі үшін Қағбаны әкеліп беруі, тері мен сүйектен жануарды қайта тірілтуі тәрізді керемет қасиеттері жайында жазады. Енді бір деректерде Сүлеймен Бақырғани баласы Сұлтан –Үпінің кереметтілігі өзінен асып түсетінін байқағаннан кейін «Балам, екі қошқардың басы бір қазанға сыймас» деген.

Бірде құрбан айт мерекесінде Хакім атаның мүридтері жиналып он өгіз сойып, келесі күні келген Сұлтан-Үпіге ештеңе қалдырмастан жеп қойғаны, жалпы әкесінің баласына әр кез сенбестік білдіріп, сын көзбен қарағаны үшін ренжіп, әке-шешесімен қоштаспастан, көрінбей кеткені жайлы жазылады.

Сұлтан-Үпі жоқ болып кеткеннен кейін жүз жыл өткесін Маңғыстауда ноғайлар көшіп жүрді. Осы күнгі Сұлтан-Үпі сайының маңында көп үйлер орналасып, соның бірінде бала оқытатын бір молда болыпты. Оның шәкірттері ішінде Хайролла есімді өзі ақсақ, аурушаң бала бар еді. Оны мектепте молда, үйінде тумаластары сабап, қорлық беретін болған. Бірге оқыған жолдастары да күн көрсетпейтін. Бір сөзбен айтқанда, өмірдегі бар қиындықты көріп жүрген бір мүсәпір еді. Мұндай қайғыға шыдамай ол бір күні дала кезіп кетіп, «бұл өмірде енді менің көрер рахатым жоқ қой» деп ойлап, өзін-өзі өлтіргісі келді. Ұзақ жүрістен шаршаған ол бір тастың үстіне келіп отырады. Кеудесін ұрып жылап отырып, ұйықтап кетеді. Ұйықтап жатқанда оған бір бейтаныс адам түсіне еніп «жылама ұлым, аузыңды аш» дейді. Хайролла оның айтқанын істейді. Бейтаныс адам оның аузына түкіреді. Сол бойда оған мол ақыл мен білім енеді. Бейтаныс оған: - Ұйқыңнан тұр, шырағым. Осы даламен жүре бер. Жолыңда тас үстінде отырған бүркітті көресің. Сол жерден



мешіт сал - дейді. - Мен әлсізбін, орнымнан тұра алмаймын. Бір тасты да көтеру қолымнан келмейді ғой - деген Хайроллаға әлгі бейтаныс: - Мен Сұлтан-Үпімін. Тасты көтереріңде: «О, Сұлтан –Үпі» десең болды, жеңіл көтеріледі, содан керек жеріңе қоя берерсің» - дейді де көзден ғайып болады. Ұйқысынан оянған Хайролла оның айтқанымен дала кезіп жүре береді. Көп ұзамай бүркітті де көреді. Ол жақындағанда бүркіт «О, Сұлтан-Үпі» дейді де ұшып кетеді. Жерді жақсылап белгілеп алған Хайролла өзінің ұстазына қайтып келеді. Оның сабақты қойып, көптен көрінбей кеткеніне ренжіген ұстазы қолына кітап беріп «Оқы» дейді. Хайролла ешқандай қиындықсыз оқиды. Оған таң қалған молда тағы да бұрын оқылмаған жаңа сабақтың жеті бетіндегі сұрақты қояды. Бір рет көз жүгіртіп өткен шәкірті әлгі сұрақтарға ғалымның жауап бергеніндей қылып қайтарады. Осылай Хайролла халық арасында кереметтілігімен танылады. Осыдан кейін көп ұзамай баяғы бүркіт көрген жерінен мешіт салады, сұпы атағын алады. (Этнограф Г.П. Сиесарев "Султан –Хубби")

Сұлтан-Үпі есімінің негізінде иранның «об»-«су» деген сөзі жатқанын байқайды. Мысалы, оның негізін салушы «Оңтүстік Қазақстанның тұрғындары арасында айтылатын елес туралы» адам пішіндегі су перісі Убю рухы болып есептеледі. Екінші жағынан Ташауыз облысының түркімендерінің айтуы бойынша бұл көрінбей кеткен әулие. Әулие Хакім атаның ұлы Сұлтан-Үпі тірі кезінде қайда кеткені белгісіз, жоғалып кеткен. Бірақ, одан көмек сұрағандарға көмектесетін болған. Алайда, Сұлтан-Үпі әулие Каспий теңізінен алыс емес, сулы жерден Маңғышлақтан табылады. Қазақтар күн күркіреп, найзағай ойнағанда немесе қатты су тасқыны болғанда «Сұлтан-Үпі, сақтай гөр пендеңді су апатынан» - деп жалбарынатын болған.

Сұлтан-Үпі сайы мен құдығы да назар аударарлықтай. Жардан 6 метр жерден ойып салынған Сұлтан-Үпі құдығының таза, салқын және өте дәмді суы бар. Көптеген адамдарға шипасы тиюде. Құдық 19 ғасырда салынған деп жорамалдауға болады. Сұлтан-Үпі сайы терең және әдемі. Сайдың түбімен жылғалар ағады. Сайдың баурайы мен түбінде бүлдірген, шатқал, мойыл және бабажапырақ, жібек құрты, баттауықтың қалың бұталарына толы. Жыралы жартастарымен, жиектеріндегі шатқалдарымен үйлесе, қайталанбас әсем көріністерді құрайды. Сай өзіндік көгалдылығымен көптеген жануарлар мен құстарды өзіне тартады. Бұл жерде қарсақ, түлкі, ұзын инелі кірпі мекендейді, құстардың көптеген түрлері, қызғылт қара торғай, жасыл және алтын түстес шурка, су қарақұсы және т.б. ұя салады. Сайдың үстінен 3 шақырым қашықтықта теңіз жағалауының ғажайып панорамасын тамашалауға болады. Сайдың астындағы қасиетті бұлақтан адамдар су алып ішіп, сол жерде белгіленген жерден жуынып, сондай-ақ қара (лай) балшығына түсіп денсаулықтарына шипа табуда. Біздің мұнайшыларымыз да осы шипалы балшыққа түсіп, бұлақ суына сусындап мерейлерін қандырды, бойларына күш біткендей болды, қайтарында өздерімен бірге ыдыстарына су толтырып ала қайтты. Бәрінің де көңілдері көтеріліп үлкен серпін алып, бойлары сергіп таудың басына оп-оңай шығып кетті. Әулиенің кереметтері жайлы әркім өзі білетін, естіген, оқыған аңыз - әңгімелерінін айтып, әулие басынан алған әсерлерін бір-біріне айтып марқайып, шабыттанып жүрді. Сұлтан-Үпі шырақшысы (табын) Қонысбай деген молда да өз білетінін қосып, біраз нәрселерге көзімізді жеткізді. Әулие басынан шеткерірек жерге салынған түнеуханаға барып, дайындап апарған малымызды, тамақтарымызды ортаға салып Алла ризашылығына деп әулиелер, ата-бабалар рухтарына арнап садақа тарқаттық. Ас қайтарылып, молда Қонысбай әиет оқып, бата жасады. Барған мұнайшы қыздар мен жігіттеріміздің көңілдері жайдары, шаршамай бірінен соң бірі АҚ басшыларына, бұндай шаруаны ұйымдастырған Құдайберді(Құдаш) ағайға, Хамидолла (Қаман) ағайға деген шексіз риза көңілдерін білдіріп, алғыстарын жаудырумен болды. Әр зияратшы көкірегіндегі әр қилы аңсаған арманына, қол созым жердегі үміт-қиялына Алладан соңғы, оның сүйікті қасиетті құлдарынан медет, серпін берердей күш алып, бойларына жаңа қуат біткендей, қанаттанып жол жүрудің қиыншылығын, күннің ыстығын ұмытып үлкен көңіл – күймен қайтуға жинақталды. Қайтар жолда Сұлтан-Үпіге баратын жолдардың бағытын көрсететін арнайы жасалынған бағыт көрсеткіштерін қағып отырдық.

Жол бойындағы орналасқан киелі Үштам, Кенті баба қорымдарына соғып, аралап әркім өз нияздарын байлап, аруақтарға дұға бағыштап, жаратушыдан тілек тілеп жүріп отырды. Бұлар Қараған түбекпен шекаралас аймақтағы көне қорымдар. Бұл әулиелер жайлы мәліметтер жоқ. Кенті баба мен Сұлтан-Үпінің арасы 0,5 км. Одан әрі қарай Қарағашты әулие, Сығынды, Мая, Суат т.б.болып жалғасып жатырған ескі қорымдар.

Мұнайшылар мұндай «Өлкетану» бағдарламасын жиірек ұйымдастыруды қайта-қайта сұрап, басшылыққа ұсыныс жасады. Биылғы бағдарлама бойынша алда Тоқмақ табиғатын тамашалау сондай-ақ, Сенек сыртындағы (100 метрлік үңгір,т.т.) табиғатта серуендеу, қызықты демалыс ұйымдастыру жоспары бар. Ал келесі жылға да сондай қызықты, тамаша бағдарлама болады деген үмітіміз бар.

**Гүлжан Онғалиева,**
**«Жетібаймұнайгаз» ӨБ-ның мұнай және газ өндіру цехының есеп жүргізушісі**

# Құттықтаймыз!

## 60 жас

Кенганов Куан, 25 шілде, ТҮПЦ, слесарь-сантехник

## 55 жас

Сейтмаганбетова Избиби Тлеукабыловна, 15 шілде, ӨЖҒЗБ, мұнай және газ өндіру инженері

Жубатирова Айман Жанбирбаевна, 25 шілде, ТҮПЦ, күтуші

## 50 жас

Нургалыев Сирлибай, 03 шілде, ӨД, 3 дәрежелі ара, қолара және үшінші дәрежелі станоктармен кесуші

Таласбаев Толыбай Джоламанович, 03 шілде, КД, бөлім бастығы

Сарсенбаев Тугелбай Уристемович, 10 шілде, ТҮПЦ, электргаздәнекерлеуші

Жарылгасов Калдыбек Шамбильевич, 11 шілде, КД, 4 дәрежелі көлік жүргізушісі

Сейткожаев Нурбек Дюсенович, 12 шілде, ӨЖҒЗБ, зерттеу шебері

Ыбырайым Серік Елтайұлы, 15 шілде, ӨД, 4 дәрежелі тас қалаушы

Деникаев Шамиль Абдуллаевич, 17 шілде, САжМТЖД, Департамент директоры

Шиланбаев Бауыржан Ақниязұлы, 26 шілде, МГӨЦ-1, қабаттың қысымын ұстау операторы

Базарбаева Канзия, 29 шілде, ТҮПЦ, күтуші

# Абайдың қара сөздері



*Басы өткен санда*

**ОН БЕСІНШІ СӨЗ**

Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің, менің білуімше, бір белгілі парқын көрдім.

Әуелі - пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей жүре алмайды. Сол қызықты нәрсесін іздеген кезі өмірінің ең қызықты уақыты болып ойында қалады. Сонда есті адам, орынды іске қызығып, құмарланып іздейді екен дағы, күнінде айтса құлақ, ойланса көңіл сүйсінгендей болады екен. Оған бұл өткен өмірдің өкініші де жоқ болады екен.

Есер кісі орнын таппай, не болса сол бір баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын итқорлықпен өткізіп алады екен дағы, күнінде өкінгені пайда болмай-ды екен. Жастықта бұл қызықтан соң және бір қызық тауып алатын кісімсіп, жастығы тозбастай, буыны босамастай көріп жүріп, бірер қызықты қуғанда-ақ мойны қатып, буыны құрып, екінші талапқа қайрат қылуға жарамай қалады екен.

Үшінші - әрбір нәрсеге қызықпақтық. Ол өзі бойға құмарлық пайда қылатын нәрсе екен. Әрбір құмарлық өзіне бір дерт болады екен, әртүрлі құмар болған нәрсеге жеткенде, яки әне-міне, жетер-жетпес болып жүргенде, бір түрлі мастық пайда болады екен.

Әрбір мастық бойдан оғатты көп шығарып, ақылдың көзін байлап, төңіректегі қараушылардың көзін ашып, «ананы-мынаны» дегізіп, бойды сынатағын нәрсе екен. Сол уақытта есті кісілер үлкен есі шықпай, ақылды қолдан жібермей, бойын сынатпай жүріп ізденеді екен. Есер кісілер ер-тоқымын тастап, бөркі түсіп қалып, етегі атының к...н жауып кетіп, екі көзі аспанда, жынды кісіше шаба беруді біледі екен, соны көрдім.

Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?

**ОН АЛТЫНШЫ СӨЗ**

Қазақ құлшылығым құдайға лайық болса екен деп қам жемейді. Тек жұрт қылғанды біз де қылып, жығылып, тұрып жүрсек болғаны дейді. Саудагер несиесін жия келгенде «тапқаным осы, біттім деп, алсаң — ал, әйтпесе саған бола жерден мал қазам ба?» дейтұғыны болушы еді ғой. Құдай тағаланы дәл сол саудагердей қыламын дейді. Тілін жаттықтырып, дінін тазартып, ойланып, үйреніп әлек болмайды. «Білгенім осы, енді қартайғанда қайдан үйрене аламын» дейді. «Оқымадың демесе болады дағы, тілімнің келмегенін қайтушы еді» дейді. Оның тілі өзге жұрттан бөлекше жаратылып па?

**ОН ЖЕТІНШІ СӨЗ**

Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті. Қайрат айтыпты: «Ей, ғылым, өзің де білесің ғой, дүниеде ешнәрсе менсіз кәмелетке жетпейтұғынын; әуелі, өзіңді білуге ерінбей-жалықпай үйрену керек, ол - менің ісім. Құдайға лайықты ғибадат қылып, ерінбей-жалықпай орнына келтірмек те - менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абұйыр мансапты еңбексіз табуға болмайды. Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнә-кәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады?» - депті.

Ақыл айтыпты: «Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын - мен, сенің сөзіңді ұғатұғын - мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды?» - депті.

Онан соң жүрек айтыпты: «Мен - адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жәйі қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын - мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын - мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын - мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын - мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?» - депті.

Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдап болып, айтыпты:

- Ей, қайрат, сенің айтқаныңның бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, сенсіз ешнәрсенің болмайтұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман, - депті.

-Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз ешнәрсе табыл-майтұғыны да рас. Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да - бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның екеуінің де сүйенгені, сенгені - сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман, - депті. - Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ - менің ісім, - депті. Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады.

- Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшіңді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет, - деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен. Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам - сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы, - депті.

1893

(жалғасы бар)

# Әріптесіміз Шолпан Әбдіманап дизайнерлер сайысының жеңімпазы атанды

**Жуырда «Ренессанс Актау» мейрамханасының ашық террассасында XVI "Жаз 2014" сән әлемінің кеші болып өтті.**



Кеш жаңадан бастап жүрген дизайнерлер сайысымен ашылды. Қатысушыларды іріктеу бірнеше ай бойы жүргізілген. Осы уақыт аралығында ұйымдастырушылармен бес жас дизайнер іріктеліп алынды. Әрбір қатысушыдан 2-3 киім үлгісі конкурсқа ұсынылды. Олардың ішінде біздің әріптесіміз Әбдіманап Шолпан да бар. Жаңадан бастап жүрген сәнгерлердің жұмысынан бөлек бағдарламада Мәскеу мен Ақтаудың танымал сауда белгілері көрсетілді. «Нұр-Шах» сән үйі мен Мәскеулік «Glance» дизайнерлік компаниясы сән әлемінің майталмандарын осы жаздың жаңа сәндік бағыттарымен таныстырды.

Кештің маңызды сәті – дизайнерлер сайысының жеңімпазын жариялау болды. Жеңімпаз болып әріптесіміз Шолпан Әбдіманап таңдалды.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 2012 жылдан бері жұмыс жасап келетін Шолпанның киім тігуге қызығушылығы бала кезден пайда болған. Оған анасының қосқан үлесі орасан зор, өйткені анасы Шолпанның бойынан бұл қасиетін байқап, көмектесіп, бағыт-бағдар беріп отырған. Ал, мамандық тандауға келгенде әкесі техникалық салаға бет бұруына кеңес берген. Осылайша Шолпан Қазақстан-Британ Университетіне түсіп, мамандығын шыңдайды. Алайда, бала кезден бойына дарыған қасиетті бүркеп тастамай бос уақытында сурет салып, өзі үшін киім тігіп жүрген. Оның үстіне көптеген сән үйлері бар, индустриясы біршама дамыған Алматы Шолпанның сән әлеміндегі талпынысына жігер береді.



- Оқуымды бітірген соң мамандығым бойынша жұмыс жасап келемін және ақпараттық технология киім дизайнымен тығыз байланысты екенін толық сеніммен айта аламын. Өйткені, көптеген бағдарламалар сызба үлгілерін өңдеуге, эскиздер салуға мүмкіндік береді. Мен мамандық таңдауда сәтті қадам жасағаныма қуанамын. Себебі хоббиімді жаңа бағытта дамытудамын – деді әріптесіміз.

2011 жылы Шолпанға «Маңғыстау Аруы -2011» жобасына қатысып, өзінің шағын-коллекциясын ұсыну бақыты бұйырады. Осылайша серпін алған Шолпанның жұмысы тағы басқа жобаларға қатысуына себеп болады.

- Киім дизайнері киім үлгісін ойлап табумен қатар оның тігілу техникасын да білуі қажет. Сонда ғана барлық эскиздер өмірде толығымен іске асады. Киім адам денесінде мансаптық пен тәкәппарлықты емес оның көңіл-күйін жеткізіп тұруы қажет деп ойлаймын. Осы жолғы шарада мен орын аламын деген ойда болған жоқпын. Мен тек ұзақ үзілістен соң өз күшімді сынап көргім келген. Сайысқа бір-бірімен байланысы бар капсулды коллекциядан үш бейне ұсындым. Оны ойлап табуыма теңіз пейзажы, толқындар мен күн сәулесі шабыт берді. Жеңіске жетіп, қысқы жобаға жолдама алуым - күнделікті қызықты да ауыр жұмыс күндерінен соң тігін машинасына отырып, кезекті қыстық жаңа коллекциялырымды өмірге әкелуіме себеп болды. Менің манекендерімді әрлеп, модельдердің киім үлгісін салып жүрген қызым да бұл істе маған үлкен көмекші –деді сөз соңында Шолпан Әбдіманап.

Барлық қатысушылар ұйымдастырушылар атынан сертификат пен сыйлықтар алып қана қоймай еңбектерінің түрлі жобаларға жұмылдырылатынына кепілдік алды. Ал, жеңімпазымыз Шолпан «Қыс 2014» сән алемінің қыстық жобасында өзінің толық топтамасын көрсетуге мүмкіндік алды. Жеңісіңнің жемісін көр, әріптес!




Мұнайлы Өлке

Меншік иесі: "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов

Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева, Р.Ізберген

Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 211-736, 212-194, 211-938.

Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.

Индексі: 64265

Таралымы: 1500

"CASPIY PRINT" ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 22 ш/а. тел: 750750 Тапсырыс: 489